

Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 23 қарашадағы N 12-100 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 10 желтоқсанда N 2219 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қазандағы № 38-266 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 15.10.2014 № 38-266 шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты
Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде
т ө л е н с і н .

2. Жамбыл ауданы мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі "Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылдың 27 сәуірінде 2-7-140 нөмірімен енгізілген, 2012 жылғы 19 мамырдағы N 19(5598) "Атамекен" газетінде жарияланған) N 6-56 шешімінің күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың жұмыспен қамту, қоғамдық ұйымдармен байланыс, әлеуметтік сала, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, құқықтық реформа және заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына
ж ү к т е л с і н .

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

С. Жұрын
Б. Қазиев

КЕЛІСІЛДІ:

*"Жамбыл аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік
Қарымбаев Жақсылық Султанович*

мекемесінің бастығы
23 қараша 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК